



БҰЙРЫҚ

№ 249-Ө
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

30.06.2022
город Нур-Султан

**Қол қою, сондай-ақ ведомствоаралық
кеңестерге қатысу және онда мемлекеттік
органның ұстанымын білдіру құқығын беру туралы**

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 44-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі Регламентінің 130-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің комитеттерінің және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына мынадай құжаттарға қол қою құқығы берілсін:

1) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ұстанымын қамтымайтын не ұсыныстары мен ескертулерінің жоқтығы туралы ұстанымын қамтитын хаттар;

2) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға, сондай-ақ жетекшілік ететін бағыттар бойынша ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы жеке және мемлекеттік жоғары білім беру мекемелеріне, соның ішінде есептік ақпаратты, жүйелі түрде статистикалық деректерді, кеңестерге, отырыстарға қатысу үшін кандидатураларды беру және тағы да басқа мәселелер бойынша хаттар мен сұрау салулар;

3) Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, Мемлекеттік кеңесшісінің, Премьер-Министрінің, Президент Әкімшілігі Басшысының, олардың орынбасарларының тікелей тапсырмаларын, алдыңғы жауаппен келіспеу туралы қайталама өтініштерді қоспағанда, өтініштерге жауаптар, соның ішінде Министрдің блогына келіп түскен жауаптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 65-бабы бойынша өтініштерді қайта бағыттау.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болмаған жағдайда осы бұйрықта көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы олардың міндетін атқарушы адамдарға беріледі.

3. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары не олардың міндетін атқарушы адамдарға олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомствоаралық кеңестерге Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ұстанымын білдіруге және қатысуға уәкілеттік берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 158-Ө бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Аппарат басшысына жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар
министрі**



С. Брекешев